

**Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті
2024-2025 оқу жылындағы Сенат мәжілісінің**

№7 ХАТТАМАСЫНАН КӨШІРМЕ

Түркістан қаласы

Сағат – 15:00

Сенат залы

26 ақпан 2025 жыл

Сәрсенбі

Қатысқандар: Сенат мүшелері, Ғылым департаментінің директоры, Ғылыми кадрларды даярлау және аттестаттау бөлімінің басшысы

Күн тәртібінде:

1. Университеттің 2024 күнтізбелік жылындағы ғылым саласының Стратегиялық және индикативті көрсеткіштері бойынша есебі *(Ғылым және стратегиялық даму вице-ректоры А.Е. Ошибаева)*

Ашық дауыс беру нәтижесінде СЕНАТ ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1.1. Университеттің 2024 күнтізбелік жылындағы Ғылым бойынша есебі назарға алынсын;

1.2. 05.04.2024 күнгі №055 бұйрыққа сәйкес, 2017-2023 жж. аралығында аяқталған жобалар аясында сатып алынған құрал-жабдықтарды қайтармаған жоба жетекшілерімен Ішкі қауіпсіздік департаменті тарапынан қайтару бойынша жұмыс жүргізілсін *(Жауапты: Ішкі қауіпсіздік департаменті);*


1.3. 2017-2023 жж арасында аяқталған жобалар аясында сатып алынған құрал-жабдықтар тізіміне талдау жасалып, зертханалық құрал-жабдықтар Академиялық үстемдік орталығы зертханаларының пайдалуына, кеңсе техникалары факультеттердегі оқу-зерттеу зертханаларына өткізілсін *(Жауапты: Ғылым департаменті, Қаржы департаменті, Ішкі қауіпсіздік департаменті);*

1.4. Стратегиялық даму жоспарындағы міндеттерді жүзеге асыруда Түркиялық оқытушы-профессор құрамын жұмылдыру механизмін әзірлеп, жүзеге асырылсын *(Жауапты: Ғылым және стратегиялық даму вице-ректоры);*

1.5. Ғылыми басылымдардың жұмысын жандандыру мақсатында редакторларды, рецензенттерді ынталандыру механизмі әзірленіп ұсыныс берілсін *(Жауапты: Ғылым және стратегиялық даму вице-ректоры);*

**Сенат төрайымы
Сенат хатшысы**

**Ж.Темирбекова
А.Абибуллаева**



А. Абибуллаева